

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИЗМДІ ШЕКАРАЛЫҚ ТУРИСТІК КЛАСТЕР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Кусаинова А. К., Гиззатжанова А. Г.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ainura_kkk777@mail.ru

Көптеген халықаралық және ұлттық деңгейдегі бағдарламалар мен нормативтік құқықтық актілер жарты ғасырдан көп уақыт бойы шекаралық территориялардың басты бағыттардың бірі болды. Шетелдік тәжірибемен салыстырғанда біздің еліміздің саясаты біраз уақыт аралығында шекаралық территориялардың дамуына көңіл бөлінбеді, ол өз кезегінде сол территориялардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етті. Тек қазіргі кезде әзірленіп жатқан туризм маңызды рөл ойнатын бағдарламалар қолға алына бастады. Туристік қызмет пен рекреациялық даму құралдарының бірі ретінде туристік кластерлерді ұйымдастыру болып табылады.

Шекаралық әріптестік мәселелері дәстүрлі түрде әлемдік экономика саласындағы мамандармен қарастырылды, бірақ бұл мәселе аймақтық және салалық экономика облысына ауысып жатыр. Шекаралық әріптестік аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартудың маңызды элементтерінің бірі ретінде орын алады. Осылайша, мамандардың пікірі бойынша шекаралық аудандарды дамыту төмендегі себептерге байланысты өзекті болып отыр:

Шекаралық территориялар көрші мемлекеттермен экономикалық мәдени және гуманитарлық байланыстарды тиімді дамыту мен қалпына келтіру мүмкіндіктерін алуға, әріптестік механизмдерінде дұрыс қойылған шекаралық байланыстар қолдануға, сондай-ақ аймақтардың дотациялылығын төмендетуге мүмкіндік береді.

Географиялық орынды еуразиялық транзитті коридор ретінде қолдану геэкономикалық рента үлесін алуға мүмкіндік береді;

Экономикасы дамымаған аймақтардағы трансшекаралық үдерістер жанжалдарды болдырмаудың алдын алу шаралары мен әлеуметтік-экономикалық дамудың алғышарты ретінде орын алады.

Рекреациялық және туристік кластерді дамытудың бір құралы ретінде туристік кластерлерді ұйымдастыру орын алады. Кластердің негізінің маңызды элементтерінің бірі ретінде – географиялық орналасу көрінеді. Шекаралық туристік кластердің қызмет етуі бірқатар ерекшеліктермен көрінеді. Ең алдымен бұл туризм түрлеріне қатысты[1].

Шекаралық туристік кластерді дамытудың тәжірибесі жетістікке жетудің маңызды факторларының біріне:

Іргелес мемлекеттердің территориясына туристерді өткізу пунктерін модернизациялау;

Туристерге қызмет көрсету мен медициналық сақтандыру мәселелерін шешу;

Бірыңғай туристік өнімдер, маршруттар мен дестинациялар қалыптастыру;

Туристер үшін туристік ақпараттың қол жетімді болуы мәселелерін шешу.

Туризмді дамытуда Қазақстанның келешегі мол және тартымды өлкесінің бірі Шығыс Қазақстан облысы болып табылады. Шығыс Қазақстанның өңірдегі климаттық ерекшелігі, тау жоталары, қылқан жапырақты ормандары, бай тау аралық алқабы және даласы, көптеген су қайнарлары шекаралық туристік кластерлерді дамытуда зор әлеуеті бар, және облыста 1,7 млн. га құрайтын жалпыұлттық маңызы бар 24 табиғатты қорғау зоналары, 600-ден астам тарихи ескерткіштер және 100-ден астам туристік ескерткіштер тіркелген.

Туристік қызығушылық тудыратын басым жерлер ретінде Мұзтау шыңы, Австриялық жол, Алакөл және Марқакөл көлі, Бұқтырма су қоймасы, Қиин-Керіш каньоны, Ақ-Бауыр табиғи-тарихи ескерткіші, Жидебай Бөрілідегі Абай Құнанбаев атындағы үй-мұражайының мемориалды кешені, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Еңлік-Кебек ескерткіші, Ырғызбай-ата ескерткіші есептеледі.

2016 жылдың қорытындысы бойынша облыста туристік қызметті 70 туристік фирма (27 туроператорлар және 43 турагенттер) жүзеге асырады, орналастыру орындарының саны - 455 объект (2015 ж. - 366), нөмерлер қорының саны - 8320 (2015 ж.- 6937), және олардың біржолғы сыйымдылығы 25847 төсек-орынды құрайды (2015 ж. - 22074) (1 кесте) [2].

1-кесте

2014-2016 жылдардағы туризм саласы дамуының динамикасы

	Көрсеткіштің атауы	Өлш. бірлігі	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
1	Орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны /өткен жылмен салыстырғандағы өсу темпі: - резиденттер -резиденттер емес	адам	433784 (118%) 19279(102%)	335246 (77%) 14413 (75%)	460878 (110%) (102%)
2	Орналастыру орындарының саны/өткен жылмен салыстырғандағы өсу темпі	бірлік	245 (119%)	35 (20%)	89 (42%)
3	Орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі/өткен жылмен салыстырғандағы өсу темпі	млн. теңге	3677,8 (125%)	2686,5(101%)	3877,7 (128%)

2016 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша облыс орналастыру орындарының саны бойынша республика ішінде бірінші орынға ие. Жыл сайын ішкі туризм статистикасы өсуде: соңғы 3 жылдың ішінде өңір Қазақстан бойынша Астана және Алматы қалаларынан кейін 3-ші орында.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі туристік саласын дамытудың тұжырымдамасына сәйкес, аймақтың солтүстік және шығыс бөліктері туристік кластерді құру үшін әлеуеті жеткілікті (1 сурет) [3]. Тұжырымдамада 6 басым дестинациялар анықталған, олар: Бұқтарма су қоймасы, Ертіс өзені – Зайсан көлі; Катонқарағай табиғи ұлттық паркі, Марқакөл көлі және Қалжыр каньоны; Риддер – Анатау және Иванов таулары; Алакөл табиғи мемлекеттік қорығын, «Берел» мемлекеттік мәдени-тарихи қорығын қоса алғанда, Семей қаласына дейінгі кластердің ұлғаюы.

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аймақтар аумағында экологиялық маршруттар, соқпақтар және трансшекаралық бағыттар әзірленіп бекітілген. Қазақстандық индустрияны дамыту институты «IPK International» (Германия) халықаралық консалтингтік компаниясымен бірлесіп, ШҚО туризмді дамытудың кластерлік бағдарламасының шебер-жоспары әзірленді. 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында туризмді дамыту тұжырымдамасының бес ұлттық кластерінің бірі ретінде аймақтың қосылуына шеберлік жоспар негіз болды.



1-сурет – Қазақстандағы туризмнің кластерлік даму моделі

Шығыс-Қазақстан облысының шекаралас аумақтары Риддер қаласы, Бесқарағай, Бородулиха, Зайсан, Катонқарағай, Күршім, Тарбағатай, Үржар және Шемонаиха аудандары болып табылады, сонда 376,6 мың адам немесе жалпы облыс тұрғындар санынан 27% тұрады.

Шығыс-Қазақстан облысы көрші мемлекеттермен достастық қарым-қатынасты ұстайды, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу және туристік нарықты игеру, транспорт, мәдениет, сауда, экономика салаларында әріптестікті нығайтып, Қазақстанның ірі сауда орталықтарының бірі болып отыр. Орыс-қазақ экономикалық және саяси байланыстардың нығайтуында, сонымен қатар Ресей мен Монғолия, Қазақстанның Батыс Қытай қалаларымен және басқа да азиялық аймақтармен туризм саласындағы қарым-қатынасын дамытуда маңызды рөл атқарады[4].

Шығыс-Қазақстан облысы халықаралық Алтай өңірімен шектесіп, трансшекаралық туристік кластердің дамуына зор үлес қосуда. Бүгінгі таңда халықаралық Алтай өңірі деген үлкен бір географиялық ұғым, оның қамтитын аумағы: Қытайдың Шыңжаң Алтай аймағы - Өр Алтай; Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысы - Кенді Алтай; Ресейдің Алтай шекара ауданы - Таулы Алтай және Монғолияның Қобда, сондай-ақ Баян-Өлгей аймақтары. Жалпы жер көлемі 78 мың км², халық саны 5 млн-нан астам [5].

Қазақстандық Алтай өлкесі, бұл - Алтай тауларының оңтүстік бөлігінде орналасқан Шығыс Қазақстан облысы (Кенді Алтай). Жер көлемі 283,3 мың км², 2015 жылғы мәлімет бойынша халық саны 1 395,2 мың адам [6].

Алтай өңірінде «Алтай - біздің ортақ үйіміз» атты Халықаралық үйлестіру кеңесін 2003 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде Алтай өлкесіндегі алты аумақ басшылығының заң шығарушы органдары құрған, мұнда 2012-2013 жылдары өткен отырыстарда, негізінен, Үлкен Алтай аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері, «Алтай - біздің ортақ үйіміз» Халықаралық бірлестігінің әсерін арттыру міндеттері қарастырылды. Халықаралық үйлестіру кеңесі жобаларының даму, көмек көрсету мәселелері көтерілді, яғни «Алтай - алтын таулары» трансшекаралық туристік сақиналық маршруты, Алтай аймағы студенттерінің халықаралық жазғы мектебі, Алтай аймағында Қазақстан, Ресей, Қытай және Монғолияның ғылыми-техникалық және экономикалық

ынтымақтастығы бойынша халықаралық конференциялар өткізілді. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облысы осы экономикалық ұйымның толыққанды мүшесі.

Қазір елімізде осы негізде «Үлкен Алтайдың демографиялық үрдісінің ғылыми-зерттеу зертханасы» қызмет атқаруда. Бұл зертхана «Алтай - біздің ортақ үйіміз» атты Халықаралық үйлестіру кеңесінің шеңберінде қызмет жасайды. Зертхана қызметінің басты мақсаты - Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Шығыстану институтының, Монғолияның Алтай мемлекеттік университетінің - Алтай өңірін зерттеу мәселелері [7].

Халықаралық Алтай өлкесі табиғи ресурстық ахуалы өте жоғары, инвестициялық тартымды аймақтардың қатарына жатады. Бұл өлкедегі трансшекаралық туризм саласындағы істестіктердің болашағы зор. Алтай өңірі әлемнің 70-тен астам елімен тұрақты экономикалық қарым-қатынаста.

«Алтай - алтын таулары» трансшекаралық туристік сақиналық маршрутын құру - туризм саласындағы ірі жобалардың бірі. Алтай тауының аумағындағы ЮНЕСКО-ның трансшекаралық табиғи мұралары және бүгінгі таңда оған өтініш беріліп отырған нысандар: Ресейлік Алтайдың алтын таулары; Қытайдың Канас көлі; Қазақстандағы Марқакөл және Катонқарағай ұлттық саябағы; Монғолиядағы Таван-Богда саябағы. Қазақстан – Ресей бағытындағы дәстүрлі саяхаттық маршруттар, аңдардың көшуі, Қытай мемлекеті тарапынан аң аулау, қызықты аумақтық туристік маршруттар құру – Үлкен Алтай шеңберінде ұйымдастырылып, бірегей мемлекетаралық туристік өңір құру нұсқасы қалыптасады. Халықаралық туристік маршруттың негізгі қиыншылықтары - көліктік инфрақұрылым мен шекаралардан өткізудің күрделі тәртіптері [8].

Алтай өлкесін дамытуға көршілес мемлекеттер қызығушылық танытып, алғышарттар жасалғанымен, нәтижелері әлі көңіл толтырмайды. Ғылыми-техникалық бақшалар ашу, көлік қатынасы жүйесін құру, бірігіп жоғарғы деңгейлі мамандар дайындау сияқты мәселелер әлі шешімін таппаған. Мүше мемлекеттердің үкіметтері тарапынан қолдау көрсетіліп, іске асырылып жатқан жобалар мен бағдарламалар жүйелі арнаға түскен жоқ.

Шығыс Қазақстан облысындағы туризмді дамытуда Халықаралық Алтай өлкесінің ынтымақтастық іс-жобаларының маңыздылығы айтарлықтай зор екенін көруге болады. Халықаралық Алтай өңірінің іскерлік-экономикалық механизмін құруда аймақтық деңгейде көптеген мәселелер бойынша ұсыныстар жасалып, өзара келісіліп жатқанымен, бұл шешімдерді жүзеге асыру үшін біздің мемлекеттеріміздің орталық билік органдарының экономика, туризм және табиғатты пайдалану салаларындағы қолдаулары қажет[9]. Төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Шығыс Қазақстан облысының туризмін дамыту үшін Халықаралық Алтай өлкесінің Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде нақтылы іс-жобаларды іске асыратын механизмдерді құру.

2. Шығыс Қазақстан өңіріне кедендік тиімділік, яғни төрт ел арасындағы алтын сақиналық маршрут бойынша визасыз кіріп-шығу жағдайын жасау.

3. Экономикалық еркін сауда аймағын құру арқылы Шығыс Қазақстан өңіріндегі халықтың әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік жасау.

Әдебиет:

1. Грибова С.Н. «Развитие приграничных регионов России: методология и практика». Экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Улан-Удэ. 2011

2. Шығыс Қазақстан облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасының сайты tourism-vs.vko.gov.kz

3. Шығыс Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы; URL: [www.akimvko.gov.kz/.../ПРТ%20ВКО%20на%20сессию%20маслихата%](http://www.akimvko.gov.kz/.../ПРТ%20ВКО%20на%20сессию%20маслихата%20)

4. А. Секенұлы, З.Т. Ауезова, А.М. Адилханова «Халықаралық Алтай өңіріндегі елдердің іскерлік бағыттағы экономикалық мүмкіндіктері» // «ВЕСТНИК ВКГУ» № 3, 2015 (91б.)

5. Адай Секенұлы. Кенді Алтай //«Еуразия университеті» газеті. – 2015. - № 6-7 (187-188). - 14-бет.
6. Официальный интернет-ресурс Акима Восточно-Казахстанской области <http://www.akimvko.gov.kz/ru/>.
7. Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің ресми сайты [электронды ресурс].
8. Алтайский государственный технический университет им. И.И. Ползунова (официальный сайт). Международный семинар «Устойчивое развитие в трансграничной области на Алтае».
9. Коршунов Л.А. Экологический каркас в трансграничной области на Алтае как ключевой элемент устойчивого развития региона / Л.А. Коршунов, М.Ю. Шишин.

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСТАНА В УПРАВЛЕНИИ КВАЛИФИЦИРОВАННЫМИ СОТРУДНИКАМИ В СФЕРЕ ИНДУСТРИИ ГОСТЕПРИИМСТВА

Каратаев Д.Д., Әсемжар Н.Д.

Евразийский Национальный Университет имени Л.Н.Гумилева,
г.Астана, Республика Казахстан.
E-mail: Didar.karatayev1@gmail.com

Введение

Индустрия гостеприимства является одним из ключевых секторов экономики. Она будет всегда требоваться из-за увеличения числа поездок по всему миру. Согласно пирамиде Маслоу (Simons и др., 1987), досуг является одной из важных потребностей людей. Поэтому, люди всегда будут путешествовать и исследовать новые места, что влияет на развитие индустрии гостеприимства. Это развитие в основном зависит от квалифицированных сотрудников, которые играют важную роль в этом процессе. Однако, согласно Borneo Post (2012), гостеприимство, в последнее время, борется с нехваткой квалифицированных сотрудников. Это особенно заметно в развивающихся странах.

Одним из хороших примеров такой ситуации является Казахстан. В последнее время развитие туризма в стране показало значительный рост, и самые известные гостиничные сети открылись в стране. Тем не менее, они сталкиваются с большой проблемой в поиске квалифицированных сотрудников. Цель этого доклада - оценить возможные причины этой ситуации.

Развитие индустрии гостеприимства в Казахстане

Развитие индустрии туризма в Казахстане в последние годы показало значительный рост, особенно на международном туристическом рынке. Одной из основных причин такого развития является поддержка со стороны правительства, которая инвестирует большой бюджет в отрасль. Основными попытками правительства являются повышение информированности туристов в Казахстане как нового туристического продукта. Поэтому они создали несколько национальных и международных программ для достижения этой цели для стабильного роста отрасли.

Во-первых, развитие индустрии туризма началось с создания правительственной организации, которая называется Департаментом индустрии туризма. Цель учреждения - создание конкурентоспособного и эффективного туристического развития. Это ключевая часть экономического сектора и интеграции с глобальным развитием туризма. Этот институт поощряет все предприятия отрасли, предоставляя субсидии и любую другую поддержку для развития туризма в стране.

Кроме того, Казахстан создал открытую бизнес-среду для иностранных компаний, которые хотели бы инвестировать и начать бизнес в стране. Некоторые из них, такие как снижение налогов, кредиты и субсидии предоставляются страной для создания стабильной деловой среды (Оспанов, 2013). Это создает возможность стать одной из развивающихся